

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

Ғаниева Камила
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 2 курс студенті
г. Астана, Қазақстан
(Ғылыми жетекші: доцент м.а., Ph.D докторы Рыстина И.С.)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ ҮДЕРІСІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ИНСТИТУТТАР

Қазақстанның болашағы ел жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамға ықпалдасуымен байланысты. Қоғамның негізгі тірегі, қозғаушы күші, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды жетілдіруде қоғам құрылымдарын модернизациялауды жүзеге асыратын да жастар. Жастар саясатының басымдықтары - Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған «Қазақстан – 2050» стратегиясының түйінді мақсаттарының бірі болып табылады. Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты.

Жастардың саяси әлеуметтенуі – жастардың қоғамдағы саяси мәдениетті, саяси мінез-құлықтың нормалары мен эталондарын меңгеру үрдісі болып табылады. Жастардың саяси әлеуметтенуі мақсатты, сонымен қатар хаотикалық сипатта бола отырып, сыртқы (әлеуметтік институттардың әсері) және ішкі (тұлғаның өзінің уәждемесі) факторлардың ықпал етуі негізінде қалыптасады. Саяси әлеуметтендіру кезінде бірінші реттік әлеуметтендіру агенттерінің (отбасы) әсері азая түседі, алайда екінші реттік әлеуметтендіру агенттерінің (БАҚ, саяси қоғамдастықтар мен ұйымдар) ықпалы артады.



Кесте 1. Жастардың саяси әлеуметтенуіне әсер етуші факторлар

Жастардың саяси әлеуметтенуі ең алдымен саяси жүйелерге енуімен анықталады. Бұл ең алдымен қабылдау деңгейі, сонымен қатар әрекет етуші саяси жүйедегі саяси үрдістерді қабылдауы немесе қабылдамауына байланысты. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, еліміздегі саяси жағдайдың дамуын бағалауда түңілген (пессимистік) көңіл-күйде болған жастардың басым бөлігі біртіндеп, орташа және прагматикалық көзқарасқа ауысқаны байқалады. Қиын жағдайда деушілері – 21%, дағдарыс жағдайында дегендері – 9%, жауап беруге қиналамын - 10%, жақсы дегендері - 8%, қалыпты деп жауап бергендер – 52% құрайды. Жастардың саяси ахуалды бағалауындағы көрсеткіштерді топтастыратын болсақ, қазіргі Қазақстан қоғамындағы жағдайды жақсы әрі қалыпты деп бағалайтындар 60%-ды құрап отыр. Мұндай жағымды бағалау тұрақтылық пен дұрыс көзқарастардың қалыптасуы мен өсуінің нәтижесі болып табылады. Бұл жастардың саяси үрдістерді бағалаудағы социометриялық көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінен байқалатыны анықталды[1].




Диаграмма 1. Жастардың еліміздегі саяси жағдайдың дамуын бағалауы

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі жеті бағытының бірін «Жаңа қазақстандық патриотизм — біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» деп атады[2]. 2014 жылы осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Қазақстан 2020: Болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы дайындалды және 2015 жылы Парламенттің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Реформаларды жүзеге асыруда барлық салалардың механизмдерін жетілдіру жұмыстары жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Аталған заң жастардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесуге, сондай-ақ мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне жас азаматтардың белсенді қатысуы үшін жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді


үлгісін қалыптастыру мақсатында әзірленген. Тұтастай алғанда құжатта мемлекеттік жастар саясатының басты үш міндеті қамтылып отыр:

Ал мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарында қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту шараларын жүзеге асыру қарастырылған. Сонымен қатар жас отбасылар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесін дамыту, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, талантты жастардың қабілетін дамытуға жәрдемдесу және бос уақыт пен мәдени демалыс үшін жағдай жасау мәселелері де көзделген. Бұл — мемлекет тарапынан жастардың саяси, әлеуметтік дамуына жасалған қолдау[4].



Кесте 2. Мемлекеттік жастар саясатының міндеттері[3].

Саяси әлеуметтенуге белгілі бірізділік тән:



Кесте 3. Саяси әлеуметтену белгілері [5].

Жас ұрпақтың бүгінгі саяси мәдениеті мен сана-сезімнің қалыптасуына анағұрлым әсер етуші негізгі көздердің бірі БАҚ құралдары болып табылады. Республикамыздың саяси өмірі туралы негізгі мәліметтер көзі болып қазақстандық теледидарлар, қазақстандық баспалар және Ресейлік БАҚ болып табылады.

Қоғамға қалыпты бейімделген, қалыптасқан немесе жаңа саяси әлеуметтік нормаларды игерген адам қоғамда тұлғалық дамуға, жүйелі өмір сүруге қол жеткізеді. Саяси әлеуметтену алғашқы реттік, және екінші реттік болып бөлінеді. Алғашқы реттік саяси әлеуметтену отбасыда жүреді. Негізінен саяси әлеуметтену үдерісінің негізгі агенттеріне отбасы, білім, неке сияқты әлеуметтік институттардың әсері мол. Отбасыда алған – тәрбие, білім беру мекемелерінде алған – білімі және тағы басқа институттардан алған түрлі оң құндылықтар адамның өмір бойы дұрыс, сапалы өмір сүруінің кепілі болады. Дегенмен, бұл – саяси әлеуметтенудің қалыпты түрі. Ал қоғамда отбасыда туылмаған, отбасы институтынан тыс адамдар да бар (жетім балалар, көше адамдары, т.б.). Немесе белгілі бір объективті, субъективті факторларға байланысты білім беру институттарынан тыс қалғандар да бар (орта немесе жоғарғы білімі жоқ азаматтар). Сондықтан да қоғамда адамдардың саяси әлеуметтену үдерісі өте күрделі және өзекті мәселелердің біріне жатады. Адам өмірінің циклдік қарастырғанда өсу, өрлеу шағы болып табылатын жастық шағының негізгі субъектілері болып табылатын жастардың дұрыс бағдарлануы олардың келесі өмірінің жартылай іргетасы болады десек қателеспейміз.

Адамдардың саясатқа деген қызығушылығын, саяси көзқарасының қаншалықта деңгейде дамығандығын, адамның саяси әлеуметтенуіне қандай факторлар әсер ететінін анықтау мақсатында Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің төңірегінде сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 89 респондент қатысты, оның 95,5%-ын 14-29 жас аралығындағы жастар құрады. Ал респонденттердің 92,1%-ы Еуразия Ұлттық университетінің студенттері болды. Нәтижелерге назар аударатын болсақ:

Респонденттерге «Саясатқа қызығасыз ба?»,- деген сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысушылардың 79,8%-ы саясатқа қызығатындығы, ал 6,7%-ы қызықпайтындығы анықталды.

Саясатқа қызығатын респонденттердің пайыздық көрсеткіші жоғары болғанымен, оның 41,6%-ы ғана саяси жаңалықтарды күнде қарайтыны расталды. Бұл - сауалнамаға қатысушы респонденттердің саясатқа қызыққанымен, саяси жаңалықтардан хабардар емес екендігін білдіреді. Алайда, күнделікті саяси жаңалықтарды көретін респонденттер саясатқа қызығады деп те айта алмаймыз. Демек, бұл ұғымдар бір-біріне тура пропорционалды емес.





Диаграмма 2. Респонденттердің саясатқа қызығу деңгейі

Сонымен қатар, жастардың саяси әлеуметтенуінің қаншалықты маңызды екенін және оған қандай факторлар әсер ететінін білу мақсатында саясаттану мамандарынан сұхбат алынды. Саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Қалиев Нәубат Қалиұлының ойынша: «Жастардың саяси әлеуметтенуі өте маңызды. Біздің елімізде 14 пен 29 аралығындағы жастар халқының 29%-ын құрайды деген ресми дерек бар. Сол 29% жастар болашақта қалай дамиды, ол жастардың білімі мен еңбегінің сапасына байланысты, ендеше бұл өте маңызды мәселе. Жастардың, бірінші өздері оны қалай қабылдауына, оларға көзқарасы, екінші соған нақтылы қатысуына байланысты. Сондықтан, жастардың әлеуметтік позициясы, әлеуметтенуі елдегі барлық реформалардың, жаңарудың тағдырын шешетін аса маңызды әлеуметтік саяси категория». Сонымен қоса, саясаттану ғылымының кандидаты, доцент Дюсембекова Майра Құсайынқызының көзқарасы бойынша: «Жастардың саяси әлеуметтенуін қоғамдағы белгілі бір құндылықтарды, соны алып жүруші деп қарастырып өтеміз. Әлеуметтену сол негізде жүзеге асады. Мысалы, билікке келу барысының өзін алып қарастыратын болсақ, сол жердегі мәдениет, сол кездегі дәстүрлердің барлығы саяси әлеуметтену негізінде қалыптасады. Егерде ол жағымды дәстүр болатын болса, соны игеретін болса, оны бойында алып жүре алатын болса, ол әрине құнды. Жастардың саяси әлеуметтенуінде өздерінің агенттері көп бола отырып, қай агент қазіргі кезде мықты жұмыс істейді ол да көп әсерін тигізеді». Сонымен қатар, «Жастардың саяси әлеуметтенуі өте маңызды, себебі жастар - қарсылық білдіретін және әртүрлі оппозициялық қозғалыстар тудыратын азаматтар санаттарының бірі. Бұл санаттағы адамдар әлі өмірде өзінің нақты орынын таппаған, ол өзінің дамуы үшін материалдық, рухани негізі бар орта тап адамдары сияқты емес. Сондықтан, жастар төтенше формаларды іздеуге тырысады. Жастардың белгілі бір бөлігі қоғамдағы субмәдениет сияқты төтенше қозғалыстарға шынайы берілген. Мысалы, жастардың мәдениетін айтатын болсақ, готтарды, эмоларды айта аламыз. Бұл

идеологиялар қоғамдағы нормадан шығуға, барлығы сияқты болмауға көмектеседі. Бұл ретте, жастардың саяси әлеуметтенуінің маңызды аспектісі – ол жастарға өте тартымды болып көрінетін идеологиялардың, қозғалыстардың төтенше формалары адамды жеке тұлға ретінде қалыптасуына қиратушы әсер ететінін, оның алып келуі мүмкін жағымсыз салдарын түсіндіреді»,- деп саясаттанудың магистрі, аға-оқуышысы Әубәкірова Ләйлә Тәңірбергенқызы өзінің жеке ойын білдірді. Саясаттану мамандарының ойынша жастардың саяси әлеуметтенуіне келесідей факторлар әсер етеді:



Кесте 4. Жастардың саяси әлеуметтенуіне әсер етуші факторлар

Сондай-ақ, жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін қарастыратын болсақ, респонденттердің ойы бойынша саяси әлеуметтену үрдісіне отбасының әсері 37,1%-ды құрайды, алайда шын мәнісінде оның әсері тек 16,9% ғана. БАҚ құралдарының ықпалы 68,5%-ды, білім 27%-ды, достар 23,6%-ды құраса, сауалнамаға қатысушылар БАҚ-ның әсері 50,6%, білімнің әсері 34,8%, ал достардың әсері 32,6% деп есептейді. Бірақ, респонденттер мойындамаса да немесе мойындағысы келмесе де, саяси әлеуметтену үрдісіне ғаламтордың ықпалы ең жоғары, ол 75,3%-ды құрайды.

Қорытындылай келе, жастардың саяси әлеуметтену үрдісінің маңыздылығын түсіне келе, саясаттану мамандарынан алынған сұхбаттың және жүргізілген сауалнаманың нәтижелеріне сүйене отырып, оларға әсер етуші институттардың тікелей агенттері отбасы, БАҚ, білім, достар және ғаламтор болып табылатынын көрдік. Соның ішінде, ғаламтор және БАҚ

сияқты агенттердің ықпалын ерекше атап өтуімізге болады. Алайда, бұл агенттер жастардың саяси әлеуметтенуіне теріс әсерін тигізуі де мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық санаға әсер етіп, қоғамдық пікірді туғызады, қоғамның бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Ақпараттық кеңістікте ғаламтор рөлінің өсуімен адамның және қоғамның құқықтары мен бостандықтарын зорлық жасау мен қатыгездікті насихаттайтын ақпараттан, оларға өтірік және жалған ақпаратты таңудан, болашақ ұрпақтың мақсатты бағытталған теріс дүниетанымын қалыптастырудан қорғау қажеттілігі туындайды. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санаға әсер етуіне, қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөліне, ғаламторға қандай ақпарат енгізіліп жатқанын және ақпарат көздерін бақылауды күшейту қажет деп ойлаймын.

ШЫНАЙЫ		ӨЗ ОЙЫ БОЙЫНША
16,9%	ОТБАСЫ	37,1%
68,5%	БАҚ	50,6%
27%	БІЛІМ	34,8%
23,6%	ДОСТАР	32,6%
75,3%	ҒАЛАМТОР	

Кесте 5. Саяси әлеуметтену үрдісіне әсер етуші агенттердің пайыздық көрсеткіші

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахстанская правда, 2003.
2. Молдин Б.: М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы, «Ақтөбе» облыстық-қоғамдық саяси газеті, 2016, <http://www.aktobegazeti.kz/?p=36362>.
3. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы, 2015, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285/history>
4. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, Ақорда, 2012, http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kazakstan-halkyna-zholdau_a2518877.
5. Хакимова Т.Р., Валеева А.Б. Политическая социализация молодежи в период трансформации российского общества, М., 2005, с.162-163.